




ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕСПУБЛИКАҒА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТІ

ЖЕҢІС – ТӘУЕЛСІЗДІККЕ БАСТАҒАН ЖОЛ



Жеңіс күні бүгінде жүзіншіге қуаныш ұялатса, осыдан 65 жыл бұрын бұл құндылыққа жету үшін қанша адамның қаны төгіліп, жаны қиылды. Жетімдік қолдан жасалынып, ер жүрек азаматтар мен азаматшалар Отан қорғау үшін майданға аттанды. Тек бетін әрі қылсын. Сол ұрыстағы даңқ пен қайсарлық елімізге Жеңіс туын әкелді. Жүрегінде жаны бар әрбір тіршілік иесі алтын ұясын жасауға жеңдірмеу үшін күресті, шайқасты, соғысты. Ана баладан айырылды. Бала әкеден жетім қалды. Бірақ көздің ыстық жасы қуанышқа ұласты. Жеңіске жеткізді. Ұлы Отан соғысының қазақ елі үшін жеңіспен аяқталғанына бүгінде 65 маусым толды.

Алайда ардагерлер көкейінде сол соғыстың сұрапыл сәттері күні кешегідей болып жатталып, майдан салған жан жарасы жазылмақ емес. Тек жара орнына Жеңіс деген ұлылықтың баянды болуы ғана ем бола алмақ. Баянды жеңіс дегеніміздің бірі – ардагерлерімізді құрметтеп, мамыр келген уақыттан жеңісімізді ұлықтай түсумен де өлшенбек. Осы орайда республика деңгейінде Жеңіс күнін түрліше мерекелеп, ардагер көңіліне қуаныш сезімін жеткізу шаралары жүзеге асып, кезек-кезегімен сый-құрмет көрсетілуде. Әрине, бұл орынды ізет, себебі Отаным деп кеуде соғатын деңгейге жеткізген Жеңіс күні мерекесі өзге мерекеден бір төбе. Осы орайда 30 сәуірде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Ұлы Жеңістің 65 жылдық мерейтойына арналған музыкалық-сахналанған қойылымды көрермен назарына ұсынды.

Студенттер сарайының айналасы сахналанған қойылым бейнесіне еніп, соғыс жылдарынан сыр шертті. Бұл бейне Жеңіс күнін қандай күреспен келгенін сезіндіре түсу үшін таптырмас естелік тәрізді. ҚазҰУ қалашығындағы Студенттер сарайы манайындағы ағаштар арасына

әскери палаткалар құрылып, осы жерде майдан аспаздарының тағамдары дайындалды. «Фараби сазы» оркестрінің өнерпаздары орындауындағы күй-әуендері бүгінгі мерекенің қадірін асыра түсті. Шырқалған әскери әндер патриоттық сезімге жетеледі. Ректор Бакытжан Жұмағұлов: «Бүгін Ұлы Жеңістің 65 жылдығы қарсаңында бас қосып отырмыз. Арамызға қан майданнан аман келген, сол жылдардың қиын-қыстау кездерін бастан кешірген ағаларымызды құрметтеп, қошемет көрсету үшін жиналып отырмыз. Ал елі үшін ұрыс даласында шейіт болып, туған еліне оралмаған жауынгерлерімізді еске алайық», – деді.

Бұл мейрамның қарашанырақта алатын орны бөлек. Соғыс жылдарында ҚазҰУ өз жұмысын жалғастыра отырып, майданды керек қажеттіліктермен қамтамасыз етіп отырған. Химия факультетінің студенттерін ПВО инструкторларына дайындады. Жоғары курстың қыздарын медбике етіп бейімдесе, физика-математика факультетінің 1-2 курс студенттерін радист-оператор мамандығына оқытты. Университетте майданға арналған рентгенотехниктер дайындалды.

(Жалғасы 3-бетте)

Человек планетарного мышления

«Суверенный Казахстан – эпицентр мира» - так была обозначена тематика встречи видного общественного деятеля, писателя Олжаса Сулейменова с научной общественностью и студенческой молодежью, состоявшейся 25 мая в зале Ученого совета Казахского национального университета имени аль-Фараби.



Новая встреча в КазНУ стала продолжением цикла лекций и бесед известного писателя и деятеля со студентами, молодыми учеными и преподавателями вузов, посвященных деятельности и роли Н.А.Назарбаева в становлении и развитии независимого Казахстана. Выдающимся поэтом, истинным патриотом назвал Олжаса Сулейменова ректор вуза Бакытжан Жумагулов, открывая встречу с именитым выпускником университета.

– Олжас Сулейменов стал предвестником инициатив главы государства по антиядерному миру. Благодаря политической воле Главы государства Н.А.Назарбаева и личному вкладу лидера движения «Невада-Семей» О.О. Сулейменова, наша республика является сегодня образцом политики нераспространения оружия массового уничтожения и инициатором создания безъядерного мира.

Студенты КазНУ всегда ценят такие встречи за возможность услышать из уст непосредственных участников оценку исторических событий. Писатель полгода назад был в этом зале, но, по его мнению, за это время в мире произошло много событий. Зародилось и созрело много интересных и важных вопросов, на некоторых из них он остановился отдельно.

Пожалуй, главной – «красной нитью» его выступления была мысль о том, что, войдя в число 200 наций мира, казахский народ, который тысячелетия мечтал о сильном государстве, не может теперь позволить себе потерять его бездарно. К чему это может привести, писатель привел на примере последних событий в Кыргызстане, где сейчас остро стоит вопрос о существовании страны как государства.

Рассуждая о национальной доктрине писатель подчеркнул: «Мы все взаимозависимы – общества, этносы, религии, классы – как люди одной семьи. Как наш Казахстан. Мы должны развивать общенациональное сознание и учиться жить в многонациональной среде».

Гость рассказал о том, что его движение активно работает и следит, чтобы в первую очередь в Казахстане неукоснительно соблюдались принципы ядерной безопасности. Сообщил, что осенью во Франции будет организована конференция, посвященная наследию аль-Фараби. Он уверен, что родной университет поможет своими научными идеями в ее проведении.

Пресс-служба КазНУ

санда: БҮГІНГІ

Пікірін ашық, ойын дәл жеткізген жас – бәсекеге төтеп бермек

4-бет




«БІЗ» маусымашары

7-бет



Встреча с американской писательницей

8-бет



■ **Поздравляем!**

**ЛУЧШИЕ ПРЕПОДАВАТЕЛИ
КазНУ им. аль-Фараби**

25 мая по решению Ученого Совета КазНУ 29 преподавателей университета были объявлены «Лучшими преподавателями КазНУ им. аль-Фараби 2010 года» за вклад в развитие образования и науки КазНУ. Поздравляем награжденных от имени ППС КазНУ и газеты «Қазақ университеті», желаем всех благ в работе.



Механико-математический факультет:

Серовайский Семен Яковлевич – д.ф.-м.н., профессор, заведующий кафедрой «Теория управления», Мейрамбеков Куанышбек Аблаевич – к.ф.-м.н., доцент кафедры «Геометрия, алгебра и математическая логика».

Факультет философии и политологии:

Сайтова Нина Алексеевна – к.ф.н., доцент кафедры политологии, Исмагамбетова Зухра Нурлановна – д.ф.н., профессор кафедры культурной антропологии.

Филологический факультет:

Дадебаев Жанкара – д.ф.н., профессор, зав. кафедрой литературного творчества и художественного перевода, Миронова Валентина Георгиевна – к.ф.н., доцент кафедры русской филологии.

Химический факультет:

Абилов Жарылкасын – д.х.н., профессор, зав. кафедрой органической химии и химии природных соединений, Бадамова Гулжан Лукпановна - к.х.н., доцент кафедры аналитической химии и химии редких элементов.

Исторический факультет:

Мухатова Оразгуль Хасеновна – д.и.н., профессор кафедры источниковедения и историографии, Атабаев Кампарбек - д.и.н., профессор кафедры источниковедения и историографии.

Физический факультет:

Коданова Сандугаш Кулмагамбетовна – к.ф.-м.н., доцент КОФП, Сванбаев Елдос Абуғалиевич. - к.ф.-м.н., доцент КНФ и Э.

Факультет международных отношений:

Байзакова Куралай Иртысовна – д.и.н., профессор кафедры международных отношений и внешней политики Республики Казахстан.

Факультет журналистики:

Ахметова Лайла Сейсембековна – д.и.н., профессор, зав.кафедрой ЮНЕСКО, Мархабаев Абдул-

хамид Файзуллаевич – к.филол.н., профессор кафедры издательского дела и редактирования.

Географический факультет:

Сарсенбаев Мингаш Харисович – д.г.н., профессор кафедры гидрологии суши, Давлеткалиев Сакен Каламкалиевич – д.г.н., профессор кафедры гидрологии суши.

Факультет востоковедения:

Джубатова Баян Нурсултановна – к.ф.н., доцент кафедры арабистики, Цой МиОК – ст.преподаватель кафедры корееведения.

Юридический факультет:

Еркимбаева Лаззат Калымбековна – д.ю.н., профессор, зав. кафедрой природных ресурсов и экологического права.

Биологический факультет:

Гончарова Алла Владимировна – к.б.н., доцент кафедры биотехнологии, биохимии и физиологии растений, председатель методбюро факультета, Мухитдинов Наштай – д.б.н., профессор кафедры ботаники и экологии, председатель дисциплинарной комиссии факультета.

Подготовительный факультет:

Торохтий Людмила Семеновна – к.ф.н., доцент кафедры языковой и общей подготовки для иностранных студентов.

Военная кафедра:

Фридрих Эдуард Константинович – старший преподаватель, полковник в отставке, Ермекбаев Пернехан Ашимбаевич – к.т.н., профессор, заслуженный деятель РК.

2-я гуманитарная кафедра иностранных языков:

Адамбалинова Багжамал - старший преподаватель.

Кафедра иностранных языков естественных факультетов:

Гумарова Шолпан Билашевна - старший преподаватель.

Кафедра физического воспитания и спорта:

Мадиева Галия Баянжановна, к.п.н., доцент, Гребенчиков Виктор Николаевич – к.м.с., мастер спорта СССР по военному многоборью.

■ **Сертификат**

2010 жылдың 7 мамырында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 20 студентіне Т.Дж.Пак атындағы ПОСКО комбинаты (Оңтүстік Корея) қорының шәкіртақы сертификаттары берілді. Осы орайда Алматыға ПОСКО қоры бағдарламасының директоры Хон Дэ-Сунг (Hong Dae-Sung) мырза арнайы іс-сапармен келген болатын.

Оңтүстік Кореяның ПОСКО (POSCO) компаниясы әлем елдерінің ішіндегі металлургия және болат өндіретін ірі компанияларының бірі. 1971 жылы осы компанияның негізін қалаушы Т. Дж. Пак атындағы қордың де-меушілігімен құрылды. Қор жұмысы мемлекеттің және шетелдегі ғылым, мәдениет, білім салаларын дамытуға бағытталған.

2006 жылдан бастап Қор Азия елдерінің үздік студенттеріне шәкіртақы бөлу бағдарламасын енгізген болатын. Осы орайда алғашқылардың бірі болып, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қарым-қатынас орнату меморандумына қол қойды. 3 жылдық келісім мерзімі бойынша, 2007 жылы 25, 2008 және 2009 жылдары ҚазҰУ-дың 20 студентіне 500 АҚШ доллары көлемінде шәкіртақы бөлінген болатын.

Студенттерге сертификат тапсыра келген делегацияны ҚазҰУ-дың оқу жұмысы жөніндегі проректоры Мұрат Орынханов қарсы алды. Өз сөзінде проректор:

- «Жақында ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Кореяға сапары Қазақстан мен Корея арасындағы мәдени және экономикалық қарым-қатынасты жаңа бір сатыға көтеріп, нығаюына жаңа серпін қосты. Осыдан төрт жыл бұрын ҚазҰУ мен ПОСКО қоры арасында қалыптасқан қарым-қатынастың дәстүрлі жалғасы келе жатқандығына қуаныштымын», – деп ризашылығын жеткізді.

ПОСКО қорының өкілі өз кезегінде Қазақстанның жетекші оқу ордасымен жемісті еңбек етіп келе жатқандығын мәлімдеді. Корея Республикасының ірі компаниялары жаңа кадрлерді жұмысқа тартуда жоғары дәрежеге ие, сондықтан қор жұмысы қазақстандық студенттердің

**ҚазҰУ студенттері
«POSCO» қорының
шәкіртақысына ие болды**

біліктілігін арттыруға бағытталған. Хон Дэ-Сунг мырза шәкіртақы иегерлерін Кореяда білім алуға шақырды. Марапат иелері атынан алған шығыстану факультетінің 3-курс студенті Нұрбосын Әуесханов кәріс тілінде қор өкіліне ҚазҰУ студенттерінің атынан шексіз алғысын білдіріп, екі жақтың артып отырған үмігін ақтайтындығын мәлімдеді.

Шәкіртақы алған студенттердің ата-аналары қарашанырақ пен қор өкілдеріне шексіз алғысын білдіріп жатты. «Бұл

Биылғы жылы Қор шәкіртақысына ие болған шығыстану факультетінің 2-3-курс студенттері – Сәуле Сәбитова, Данияр Мелин, Нұрбосын Әуесханов, Балзия Бейсенғалиева, Жазира Әлібекова, Алина Бәкібаева, Есен Айтмағанбетов, Ақтолқын Рүстемова, сондай-ақ Айгүл Токтиева (тарих факультеті), Мадина Омашева (биология факультеті), Айгүл Ерғалиева (физика факультеті), Назерке Жоламан (филология факультеті), Данияр Мұқанов (экономика және бизнес



біздің отбасымыз үшін аса маңызды оқиға, сондықтан Семейден арнайы келіп отырмын. Қызымның жетістіктерін көріп, қуанышқа бөлендім. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың басшылығына осындай қолдау көрсетіп отырғандығына алғысым шексіз. Баламның сапалы білім алуын армандаған едім, ҚазҰУ сол мүмкіндікті беріп отыр. Университеттен алған білім отандық, сондай-ақ шетелдік нарықта да бағаланады. Білім нәрімен сусындап отырған қарашаныраққа, балаларымыздың болашағына да сеніміміз мол», – деді өз сөзінде Балзия Бейсенғалиеваның анасы Бакытгүл Омарова.

факультеті), Айбек Қойшығарин (география факультеті), Айнұр Ақынбаева (журналистика факультеті), Қайрат Бұрханбеков (химия факультеті), Назерке Әділова (заң факультеті), Абылайхан Ақбергелі (философия және саясаттану факультеті), Гүлмира Ішкібаева (халықаралық қатынастар факультеті), Нұрбол Әбенов (механика-математика факультеті). Еліміздің ертені жастарымыз десек, бұл иегерлерге білім саласындағы бәсекелестікте төтеп беріп, қазақ ұлтының туын көтере берсін деген тілек айтамыз.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

■ **Сотрудничество**

**СОТРУДНИЧЕСТВО
в области нанотехнологий**

По приглашению ректора Казахского национального университета им. аль-Фараби, академика Бакытжана Турсыновича Жумагулова Национальную нанотехнологическую лабораторию открытого типа КазНУ (ННЛОТ) 11 мая посетил Почетный консул Королевства Бельгии в Казахстане Даниэль Парисс.

Господин Даниэль Парисс представляет ряд крупных компаний в Королевстве Бельгия, которые заинтересованы в финансировании исследований в области нанотехнологий. На встрече были рассмотрены такие вопросы, как структура развития ННЛОТ, направления проводимых исследований и возможного дальнейшего сотрудничества.

Почетный консул Королевства Бельгии в Казахстане господин Даниэль Парисс отметил, что Королевство Бельгии очень заинтересовано в сотрудничестве наших стран. Он также подчеркнул, что Казахстан - единственная страна на постсоветском пространстве, с которой Бельгия завязывает сотрудничество в об-

ласти нанотехнологий. А также указал на высокий уровень выполняемых работ на базе Национальной нанотехнологической лаборатории открытого типа КазНУ им. аль-Фараби.

В ходе обмена мнениями были намечены приоритетные направления сотрудничества, в частности, в области бионанотехнологий, наноматериалов, химических методов получения наноструктурированных полимер-металлических систем, углеродных наноструктурированных сорбентов и катализаторов. Консулом была высказана заинтересованность в создании совместного Казахстан-Бельгийского координирующего центра в области развития нанонауки и нанотехнологий.

Он с большой радостью пригласил научных представителей Казахского национального университета имени аль-Фараби принять участие в выставке, которая будет проходить в Брюсселе осенью этого года.

**Мади ТЕРЕБАЕВ,
ведущий сотрудник
Департамента по науке
КазНУ им. аль-Фараби**

■ **Лекция**

**Главный банкир страны
прочел лекцию
СТУДЕНТАМ КазНУ**



26 мая в Казахском национальном университете имени аль-Фараби состоялась встреча Председателя Национального Банка Республики Казахстан Григория Марченко, посвященная актуальным проблемам современного развития экономики Казахстана.

Лекции председателя Национального Банка Республики Казахстан в ведущем национальном университете проводятся ре-

гулярно и уже стали хорошей и доброй традицией. Это уже третья встреча. Такие встречи, по мнению главного банкира страны, являются взаимопользовными. Главный специалист в финансовой сфере рассказал будущим экономистам о состоянии отрасли, об изменениях в финансовом секторе экономики. В свою очередь любознательность и энергичность студентов вдохновляют профессионалов работать, мыслить современно, широко, перспективно.

В конце встречи Г.Марченко ответил на вопросы студентов и преподавателей КазНУ. Как правило, посещение ведущего университета страны председатель Нацбанка завершил экскурсией в новый музей истории КазНУ.

Меруерт
МУХАМЕТЖАНОВА

■ Даңқ

жылдық мерекесі қарсаңында, сол Жеңісті жақындатқан барша ардагерлер алдында басымызды иіп, осы айтулы мерекемен шын жүректен құттықтағым келеді” деп ағынан жарылды.

Ресми деректерге сүйенсек, жалпы республика бойынша 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысына 12 атқыштар және 4 атты әскер дивизиясы, 7 атқыштар бригадасы, оған қоса басқа да әскер түрлерінің 50-ге тарта жекелеген полктары мен батальондары мен оларға қосымша 3 атты әскер дивизиясы және 2 атқыштар бригадасы қазақтың ұлттық құрамасы ретінде жіберілді. Соғыстың алдында әскери қызметте жүрген 178 000 жерлесімізді қоспағанда, соғыс жылдарында Қызыл Армия қатарына 1 196 164 отандасымыз шақырылды. Еңбек армиясы мен құрылыс бөлімдеріне 700000 адам шақырылды. Майданға

атағына ие болды. Ал Қасым Қайсеновке алғашқылардың қатарында «Халық қаһарманы» деген құрметті атақ берілді.

Бірақ соғыс пен халық тағдырын майдан даласындағы ұрыстар шешті.

Асқан ерлігі және соғыс өнеріндегі ғаламат жанкиярлығы үшін Отанның ең жоғары мәртебесі – Кенестер Одағының Батыры атағына 11 649 жауынгер, офицерлер мен генералдар ие болды. Олардың 497-сі – біздің елімізде туған немесе еліміздің әскери комиссариатынан майданға шақырылғандар. Герман басқыншыларына қарсы соғыста көрсеткен ерлігі үшін 1941 жылдың 22 шілдесінде Алтын жұлдыздың ең алғашқы иегері болған адам – 19-танк дивизиясының командирі генерал-майор К.А.Семенченко. Ал соңғысы 1942 жылы жоғары атаққа ұсынылған

Кенес одағының Батыры, армия генералы, «Халық қаһарманы» Сағадат Нұрмағамбетов, ҚР ҰҒА академигі Салық Зиманов, халық жазушысы Әзілхан Нұршайықов, мерген ардагер Лидия Бәкиева, Сталинградтағы шайқасқа атсалысқан Зұлхарнай Сейітов, халық әртісі Бибігүл Төлегенова және т.б. сынды санаулы ардагерлеріміз бар арамызда. Ал бұл ұрпақтың міндеті жанымызда жүрген жауынгерлерді құрметтей білу болмақ. Жас күнінде жан түршігерлік ұрысты көрген ардагерлерімізге қарттық кезеңде баянды ғұмыр сүруіне себепші болу бүгінгі әрбір азаматтың парызы болса игі.

Осы орайда Жеңіс күнінің 65-көктемін қарсы алған Қазақстанның үздік білім ордасы Қазақ ұлттық университеті мерекені асқақтатуда өзіндік ерекшелік танытты. Ардагерлерімізге әскери тағам дайындалып, жастарымыз өнерлерін сомдады. Қарттарымыздың жүзіне жылылық тудырды.

Ұлы Отан соғысының ардагері, полковник, тарих ғылымдарының докторы, академик, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, Харьков түбіндегі соғыста «Қызыл Жұлдыз» орденімен, Ұлы Отан соғысының екі орденімен және көптеген медальдармен ма-

ЖЕҢІС –

ТӘУЕЛСІЗДІККЕ БАСТАҒАН ЖОЛ

(Басы 1-бетте)

ҚазҰУ-дан барлығы 287 оқытушы мен студент майданға қатысты. Соның ішінде өз еркімен майданға аттанған ҚазМУ-дың тұңғыш ректоры Ф.Т.Оликов, Ұлы Отан соғысының батыры атағын алған А.Г.Попов, соғыс жылдарынан кейін Қазақстан тарихын зерттеуге орасан зор үлес қосқан У.Х.Шәлекенов, тарих факультетінде еңбек еткен Ф.Ж.Жұматов, Г.П.Беляков, К.Е.Әбдірахманов және тағы басқа ардагерлерді ерекше атауға болады.

Міне, осындай ерлікті ұлықтап 2000-нан астам студент қатысқан шарада соғыс жылдарынан сыр шертетін қойылым көрсетілді. Әскери-патриоттық әндер шырқалып, жеңіс аспанының аясында тәуелсіз елдің ұландары өз алғырлығы мен өрелігін танытты. “Бақыт” би тобы мен өнерпаз студенттер құрамасынан дайындалған мерекелік сахналық қойылымдар көрермен ықыласына бөленді.

Жеңістің мерекесін алаулататын салтанатты шараға Ұлы Отан соғысының және еңбек ардагерлері мен интернационалды жауынгерлер қатысты. Атап айтқанда шараға Уахит Шәлекенов, Ғаббас Жұматов, Гаин Беляков және тағы басқа ардагерлермен қатар ҚР Білім және ғылым министрі Жансейіт Түймебаев, ҚазҰУ ректоры Бақытжан Жұмағұлов, Қала ардагерлерінің кеңесі, университет оқытушылары мен студенттері бас қосып, қарттарды мерекемен құттықтады. Өзінің кезекті құттықтауында ҚР Білім және ғылым министрі Жансейіт Түймебаев: “Ұлы Отан соғысында негізгі ауыртпашылықты Кенестер Одағының халқы мен жауынгерлері көтерді. Қазақстан халқы да майдандағы жеңіске өзінің қомақты үлесін қосты. Отан соғысы біздің

халқымыздың, аға буын өкілдерінің биік рухын, ерлігі мен батырлығын күллі әлемге танытқан соғыс болса, Ұлы Жеңіс аға ұрпақтың сол ерлігін мәңгілік ел жадында сақтауға арналған ең қастерлі мереке. Егер сіздердің сол сұрапыл соғыстағы жеңістеріңіз болмаса, бүгін жарқын болашаққа батыл қадам жасаған Тәуелсіз Қазақстан да болмас еді. Сондықтан Ұлы Жеңістің 65

еліміздің әрбір төртінші азаматы аттанды. Армия қатарына шақырылған азаматтарымыздың көпшілігі ҚазССР аумағында құрылған әскери құрамалардың қатарын көбейтті. Олардың қатары, негізінен, еріктілермен толықтырылды және жартысынан астамын партия, комсомол мүшелері құрады.

Еліміз бүкіл соғыс бойына майдан үшін офицерлер дайындау ісін бір сәт те тоқтатқан емес. Жалпыға бірдей дайындық бөлімдерінде, Осоавиахимде комсомолдық және спорттық ұйымдардағы алғашқы жауынгерлік даярлықтарда пулеметшілер, минометшілер, мергендер мен теңізшілер, медбикелер мен басқа да жауынгерлік мамандықтар бойынша 2 миллионға жуық маман дайындалып шығарылды. Республикада құрылған отыздан астам әскери оқу орындарында 16 мың офицер дайындалды. 20 мыңнан астам шөкірт соғыстың қиын кезінін өзінде Қызыл Армияның сержанттары мен қатардағы жауынгерлерінің қатарын толықтырып отырды. Еліміздің батыс аймағының қалалары мен ауылдарын әуе шабуылынан қорғауды майданның арнайы қызметі өз мойнына алды. Жау тылында шайқасқан жалпы отандастарымыздың саны 4 мың адам деп есептелінеді. Біздің 300 жерлесіміз Батыс Еуропа елдерінің фашизмге қарсы күштерінің қатарында шайқасты. Ел азаматтарының қатарынан үш партизан – А.С.Егоров пен Н.В.Земницкий және Ф.Ф.Озмитель жауға қарсы күрестегі ерліктері үшін Кенестер Одағының Батыры



Б.Момышұлы еді, бірақ ол атақ батырдың өзі қайтыс болғаннан кейін, 1990 жылдың 11 желтоқсанында ғана берілді.

Бүгінде арамызда ардагерлеріміз азайды. Бұл ащы шындық көңілді жабырқатады. Десек те мақтанып айтар қазақтың қаһарман ұлдарының бірі, авиация генерал майоры, үш мәрте КСРО Жоғары Кеңесінің депутаты, екі мәрте Кенес Одағының Батыры, сондай-ақ, соғыста көрсеткен ерлігі үшін “Қызыл Ту”, екі рет 1-інші және бір рет 2-дәрежелі “Отан соғысы”, “Қызыл жұлдыз”, “Ленин”, “Александр Невский”, 3-дәрежелі “Даңқ” және басқа да бірнеше орден, медальдармен марапатталған Талғат Бигелдинов, Ұлы Отан соғысының ардагері, полковник, тарих ғылымдарының докторы, профессор ҚР еңбек сіңірген қайраткері Уахит Шәлекенов,

рапатталған Уахит Шәлекенов: «Соғыстан оралған соң оқу оқып, 60 жылдай ел ғылымына қызмет еттім. Дайындаған шәкірттерім де көп» деп атай келе, кейінгі ұрпақты елін сүюге тәрбиелеп, патриоттық сезімін нығайтып, келешек ұрпақтардың елін қорғауда азаматтығы мен адамгершілігін күшейту керектігін нықтады. «Жастарымыздың егемен елімізді қорғайтын, адамгершілігі мол, қайратты азамат болып өсуін тілеймін. Барлық саналы азамат тәуелсіз мемлекеттің гүлденуіне атсалысуы керек» деген талабы мен ағалық өсиетін де жасырып қалмады.

Әрине, Жеңіс күнінің жарқын болашақта жалғасын табуы жастар үшін ардагерден аманат. Ал аманатқа қиянат келтіру әсте рұқсаты жоқ қағида.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА





Жалын

Жастармен келісіп жасаған тон келте болмас. Әрине, себебі жастар – тың идея мен зор күштің иесі. “Жас келсе, іске” деп жатады халқым. Бұл толқын да өз тараптарына артылған зор сенім мен жүктелетін мол міндетті аса үлкен жауапкершілікпен сезінетіндері де жасырын емес. Жас өркендердің ең көп тоғысатын ордасы – жоғары оқу орындары. Ал Қазақстандағы студенттің ең қалың шаңырағы – ол әл-Фараби атындағы ҚазҰУ.



Пікірін ашық, ойын дәл жеткізген жас – БӘСЕКЕГЕ ТӨТЕП БЕРМЕК



Елдің үздік университеті болып танылатын бұл орда студенттері болашақ элита дейтін болса, сол жастармен арнайы кездесіп, пікір алмасып, ой бөлісу жақсы іске үлес болмақ. Осы орайда ҚазҰУ басшылығы студенттермен арнайы кездесу ұйымдастырып отыруды дәстүрге айналдырған. 17 мамырда университеттің Ғылыми кеңес залында ректор Бақытжан Жұмағұлов әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің белсенді студенттерімен кездесті. Кезекті бас қосуға өзек болған негізгі тақырып – “Қазіргі заманғы университеттегі студенттік өзін-өзі басқару дамуының негізгі бағыттары”.

Өзінің жастарға қарата айтқан баяндамасында ректор: “Ең бастысы, бәсекеге қабілетті маман тәрбиелеу үшін оқу үдерісін барынша тиімді пайдалану міндеті қойылды. Біз бұл үдерісті түбегейлі өзгертіп, жана формаға – оқытудың

кредиттік технологиясына толық көштік. Бұл біздің бірегей жетістігіміз болып табылады”, – дейді. Сонымен қатар, Қазақстандағы өзге де жоғары оқу орындарының өкілдері үшін ҚазҰУ Кэмбридж сияқты әсер қалдыратындығын айтқан университет басшысы мұндай мақтаншты әлі де болса дамыта түсу керектігін ұсынды. Қазақ ұлттық университеті әлемдегі белгілі он жеті мың университет арасында алты жүзінші орынға ие екен. Елбасының биылғы жолдауында көрсетілгендей, жақын арада бұл университет әлемдік университеттер рейтингісінің ең болмағанда үш жүз елуінші орнына ие болу керек деген талпыныс бар. Белсенді студенттермен арнайы өткен бұл жиынның көтерген тағы бір мәселесі Қазақстандағы ЖОО-да Ұлттық студенттік бюро құрып, орталығын ҚазҰУ-да жасау. Сонымен бірге бұл бюро болашақта Еуропалық студенттер одағына, Студенттік

Боллон үдерісіне кіруі керек деген талап қойылды. Академик Бақытжан Тұрсынұлы: “Мұндай талаптардан шығу тәркіні алыс емес, кезінде Қазақстан ЕҚЫҰ-ға төрағалық етіп, Еуропа төрінде басшылық етіп отырады деп елестеткендер аз болды. Бірақ ол мақсат бүгінде жүзеге асып отыр ғой. Ендеше Еуропа студенттер бюросының тізгінін ҚазҰУ неге иеленбеске”, – дей келе, ҚазҰУ студенттерінің алдына:

1. Барлық деңгейде шешім қабылдауда студенттік актив өкілеттілігін және оның қатысу дәрежесіне талдау өткізу, университетті басқаруға барынша көп студенттерді тарту бойынша іс-шаралар жоспарын өңдеу.
2. Студенттік бизнес инкубаторды құру туралы мәселелерді жасау.
3. Университетте жастар саясатын таратудың тиімді бағалау жүйесін өңдеу және енгізу.
4. ҚазҰУ студенттер

ұйымының студенттер одағының Еуропалық ассоциациясына ену механизмін өңдеу.

5. Студенттік өзін-өзі басқаруды дамытудың өзекті мәселелері бойынша ТМД елдері және алыс шетел студенттері өкілдерінің қатысуымен Халықаралық студенттер форумын өткізу деп бес негізгі мәселені қойды.

Француз философы Камюдың “Әр ұрпақ өзін әлемді қайта өзгертуге қабілеттімін деп есептейді” деген пікірімен баяндамасын тамамдаған университет басшысына университет белсенділері өз кезегінде көкейлерінде жүрген сауалдарды жолдап, атқарған міндеттеріне есеп берді. Ректор мен студенттердің дәстүрлі кездесуінің қорытындысында университеттің өзін-өзі басқаруына ерекше үлес қосқан факультеттер марапатталды. Нәтижесінде “Үздік студенттік кәсіподақ кеңесі” философия және саясаттану факультетіне, “Үздік студенттік мәслихат” биология факультетіне, химия факультетінің №13 жатақханасына “Ең үздік жатақхана кеңесі”, ал университеттегі барлық қоғамдық ұйымдарда ең белсенділік танытқан халықаралық қатынастар факультеті болып танылды.

Екі жақты бас қосу ректорға студенттердің қолынан шыққан шебер сурет туындысын табыс етумен аяқталды.

Саягул
ӘЛІМБЕКОВА

Интеллектуальная нация – 2020

Формирование интеллектуальной нации в контексте имиджевого развития Казахстана

На факультете философии и политологии КазНУ им. аль-Фараби 24 мая прошла международная научно-практическая конференция «Формирование интеллектуальной нации в контексте имиджевого развития Казахстана», где обсуждались социально-экономические основы, политико-правовые вопросы и историко-культурные аспекты проблемы формирования интеллектуальной нации Казахстана.

Как отметил ректор КазНУ им. аль-Фараби академик Б.Т. Жумагулов, «человеческий капитал в современном мире является одним из наиболее эффективных и интенсивных факторов социально-экономического и политического развития. Он стал главным фактором формирования и развития инновационной экономики и экономики знаний, как высшего на сегодняшний день этапа развития мировой экономической системы. Базовая парадигма развития США и ведущих европейских стран формируется именно на базе теории человеческого капитала, за создание основ которой Теодору Шульцу и Гэри Беккеру были присуждены Нобелевские премии. В развитых странах этот капитал составляет свыше 70-80% национального богатства и предопределяет их лидерские позиции в мире».

На сегодняшний день в Республике Казахстан сложились все необходимые предпосылки для становления интеллектуальной нации, но пока еще нет четко разработанного механизма ее формирования.

Формирование интеллектуальной нации невозможно без активной деятельности национальных университетов в подготовке конкурентоспособных кадров для экономики страны. Решая эту задачу, в КазНУ им. аль-Фараби реализуется принципиально новый подход к организации учебного процесса, суть которого состоит в создании условий, способствующих повышению статуса преподавателя, возрастанию корпоративного духа творческой активности студентов и органичного внедрения передовых технологий обучения.

Гость конференции - Президент Американской ассоциации политических наук, профессор Калифорнийского университета Беркли Генри Э. Брейди считает, что современная экономика трансформируется в «экономику знания», поэтому вопросы образования как никогда актуальны. Поскольку образование – это «формирование образа», мощный инструмент работы с нормами и ценностями людей, следовательно, налаживание и укрепление научных связей между нашими университетами, несомненно, обогатит образовательный процесс новыми методами и технологиями.

Таким образом, сегодня перспективными актуальными трендами мирового развития являются наукоемкое производство, экспорт знаний и технологий, интеллектуальный капитал, источником которого является образование. Все эти категории возможны только в политически стабильном, демократическом, правовом государстве, каковым является Казахстан, у которого неисчерпаемый человеческий потенциал и огромные перспективы развития.

Меруерт МУХАМЕТЖАНОВА

Әріптестік

Қарым-қатынас нышаны

6 мамырда Қазақ ұлттық университетіне «Шинхан Банк» АҚ-ның вице-президенті Чжо Ёнг Бён (Корея Республикасы) келді.

Таяуда, 2010 жылдың 21-23 сәуірі аралығында ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Корея еліне іс-сапары аяқталған болатын. Сапар нәтижесінде биылғы жыл Кореядағы Қазақстан

жылы болып жарияланған еді. Кездесу барысында Кореяның “Самсунг”, “Posko”, “LG Интернэшнл”, «Пунгсан корпорейшин» сияқты ірі компанияларының өкілдерімен бас қосып, Қазақстанға құйылатын инвестициялық жобалар талқыланды. Шинхан Банк Корея және Қазақстанның «ҚазМұнайГаз» компаниясы арнайы келісімшартқа отырды. Келісім бойынша Қазақстанның мұнай-газ секторына 500

млн. доллар көлемінде қаржы бөлінетін болды. Осы әріптестік байланыстың жалғасы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне «Шинхан Банк» АҚ-ның вице-президенті Чжо Ёнг Бён (Корея Республикасы) келуіне ұласты. Кездесу барысында Қазақстан мен Корея елі арасындағы білім саласын нығайтуда екіжақты келісімге қол қойылды.

Өз тілшімізден



ҚазҰУ

мұражайы – студенттер мақтанышы

18 мамырда әлемнің барша мұражай қызметкерлері өздерінің кәсіби мерекесін атап өтеді. Бұл мереке 1977 жылы ICOM (International Council of Museums) – Халықаралық мұражай Кеңесінің кезекті отырысында қабылданған екен. Бүгінгі таңда Халықаралық мұражай күніне арналып әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарихи мұражайында «Мұражай әлемі» атты мерекелік іс-шара өтті.

Аталмыш бас қосу мұражай қызметкерлері мен тарих факультетінің оқытушылары, студенттерімен бірлесе отырып ұйымдастырылды. Айтулы мерекеге орай орын алған бұл шараға Бостандық ауданы ардагерлері кеңесінің мүшесі Маһи Сәруәр және бірнеше ардагер оқытушылармен қатар университеттегі Тәрбие жұмысы және тілдерді дамыту жөніндегі департамент директоры Гүлнәр Әлібекқызы, тарих факультетінің деканы Жәкен Таймағамбетов келіп, мұражай қызметкерлерін мерекелерімен құттықтап, жүрекжарды лебіздерімен бөлісті. Өз кезегінде сөз алған ҚазҰУ тарихи мұражайының директоры Тамара Тәжібаева: «Мұражай бұл қасиетті орын. Себебі мұнда тарихқа негізделген құнды деректер мен бағалы бұйымдар бар. Сондықтан да киелі орынға келушілердің саны да күннен-күнге артып отыруы керек. Тарихты білмей болашаққа қадам аттау мүмкін емес. Сол үшін аға буын ұлағатынан өнеге сезіну үшін жастарымыз мұражайдан табылса», – деген тілегін жеткізгеннен кейін университеттің тарихи мұражайының тыныс-тіршілігіне де тоқталып өтті. Ал, Бостандық ауданы ардагерлері кеңесінің мүшесі Маһи Сәруәр ананың айтуынша, Қазақстандағы жоғары оқу орындарының арасындағы ең үлкен мұражай – ҚазҰУ мұражайы екен. «Бұл мұражайға ену арқылы келушілер Мұхтар Әуезов, Өмірбек Жолдасбеков сияқты бірнеше ғұламаларымыздың рухына бас иеді», – дейді ардагер.

Шара барысында біршама қызықты көріністер орын алды. Студенттер әлемдік мұражайлардан тақырыптық слайдтар көрсетіп, киелі орынға арналған өлең-жырларын оқыды. Сонымен бірге көрермендердің мұражай жайлы танымын пысықтау үшін осы сала аясында арнайы викториналық сұрақтар қойылып, жеңімпаздарға кітап тарту етілді. Халықаралық мерекені ҚазҰУ қабырғасында өрбіткен филология факультетінің 1-курс студенттері Аида Мамишова, Айгүл Тайтелиева ҚазҰУ мұражайы барысында танымдық хабарламаны ағылшын тілінде баяндап, алда келер шетелдік қонақтарға мұражайды таныстыру мүмкіндігіне ие екендіктерінен де қыр байқатты. Мейрам барысында күй төгіліп, ән шықалды. Тарих факультетінің студенті Шаттық Пазлиева оқыған «ҚазҰУ-ыма!» өлеңінен қазулық студенттердің бір мақтанышы осы мұражай екендігі байқалды.

ICOM президенті Жак Пероның: «Мұражай – мәдени алмасу, мәдениеттерді байыту мен әлемдегі барлық халықтарды әріптестікке, өзара түсініспеншілікке әкелетін құрал. Мұражай мен қоғам инновация мен шығармашылық рухта өзара бірлесіп жұмыс жасауы қажет», – деген түйініне осы шара барысында тағы бір куә болып қайттық.

Саягүл
ӘЛІМБЕКОВА

Перевозродившаяся история

«Зал...Огромная люстра... Как красиво и искусно оформлено!» Это первые отзывы о нашем замечательном музее, перестроенном в 2009 году. Сам музей существует с 1970 года. Изначальная цель музея – сбор материалов о жизни и деятельности С. М. Кирова, чье имя носил КазГУ с 1934 по 1991годы. В самый кратчайший срок общественный совет музея, а также первый его директор Т.П.Струц и многочисленные добровольные помощники собрали экспонаты. В музее было 2 зала, разделенные на периоды: 1934 по 1940 гг., 1940 по 1960 гг., 1960 по 1996 гг. Все музейные предметы полностью раскрывали

особенности периода истории университета. Именно тогда был создан фонд музея.

Музей был основан в одной из комнат механико-математического факультета под руководством известного ученого У.А.Жолдасбекова, который шестнадцать лет возглавлял учебное заведение, и именно ему удалось достичь того, что КазГУ стал ведущим вузом страны. В те годы университет обладал сильным составом научно-педагогических кадров, и активно осуществлялась подготовка молодых специалистов по многим новым для республики отраслям науки. Это создавало условия для дальнейшего

развития университета. Создание музея заложило фундамент научного сохранения и учета музейных предметов, касающихся истории университета.

Перестройка нового музея истории КазГУ была проделана за 100 дней. Он построен к 75-летию университета и его открытие приурочено к визиту Президента РКН.А.Назарбаева. Собранный по крупицам история университетаского созидания пропитана энтузиазмом молодых и мудростью наставников, мощной энергетикой знаний и силой научной мысли. Общая площадь экспозиционного комплекса 1000 кв. м. Он объединяет: фойе ректората,

галерею истории, зал «Славы», зал «КазНУ – сегодня, завтра». Идея рождения нового музея принадлежит ректору университета – Б.Т.Жумагулову.

В каждом музее имеется свой фонд. Фонд музея истории КазНУ имеет небольшое помещение, в котором уместилась вся история факультетов в фотографиях, газетных вырезках, книгах, сувенирах и т.д. А также в фонде размещены личные вещи известных людей, таких, как М. Ауэзов, Т.Тажибаев, А.Т.Алимжанов ректоров и множества других, а также материалы общества «Семи муз», возникшего в 1965 году. На видном месте размещены различные фотографии делегатов из разных стран, первых студентов, аспирантов, преподавателей нашего университета. И нам, как историкам, очень важна эта информация. Мы, будущие музейеведы, благодарны университету в предоставлении возможности пройти практику в фонде музея.

Магистранты-музейеведы
А.БЕКТУГАНОВА,
А.ГАЛЛЕМОВА



Музей – хранитель истории университета

Когда я впервые услышала от ректора университета что музей истории КазНУ будет построен за 100 дней, я не поверила. Хотя настойчивость, принципиальность, увлеченность, уверенность и огромную работоспособность Б.Т. Жумагулова я знаю не понаслышке. Работала с ним в далекие комсомольские годы, потом пути разошлись, я на всю жизнь осталась в родном КазНУ, а он пошел осваивать новые вершины.

И здесь наши пути вновь оказались вместе. Академик Б.Т. Жумагулов во все времена и всюду, куда бы его судьба ни закидывала, был и есть патриот родного университета.

Где-то в середине марта я услышала из его уст о том, что за сто дней будет построен музей. Традиционно интеллигенция молчит, когда говорят руководители, или сразу же одобряют их действия. Однако я усомнилась, и основной свой акцент сделала именно на строителях и их проблемах.

Бакытжан Турсынович спорить не стал, доказывать тоже. Просто молча выслушал. В его глазах я не видела гнева и недовольства тем, что я не верю и еще что-то говорю. Так закончился наш разговор.

4 мая 2009 года наступил тот день, когда торжественно заложили капсулу в землю под музеем. Было еще достаточно прохладно, пошел мелкий дождь. Но на закладку капсулы пришли ветераны, студенты, профессора и преподаватели.

Пенсионер, бывший директор музея Т.П. Струц рассказала о музее имени С.М. Кирова, который она создавала в далекие 60-70-е годы.

Академик С.С.Сартаев вспомнил традиции университета и стройку КазГУграда, напомнив при этом, что наш ректор, будучи командиром студенческого строительного отряда, своими руками строил наш университет, и теперь настало время строить музей истории университета.

Летом 2009 года мне довелось ежедневно приходить в главный корпус университета и много работать. И музей рос на моих глазах. Уже к середине строительства было видно, что сто дней состоится, и я была неправа.

Ректором университета была утверждена стратегия развития музея, пошаговый план действий. Еще не было стен, но в макете было все расписано, так красочно и убедительно, что просто люди становились убежденными сторонниками нового музея и новых подходов его оснащения, его деятельности, его жизни. Все это время много и напряженно работала творческая группа работников музея истории университета под руководством Т.Л. Тажибаевой. Делались экспозиции музея, согласовывались стенды и разыскивались новые документы и фотографии. Все больше и больше людей приходило в маленькую комнатку музея, где был сосредоточен штаб.

И это были не только студенты и преподаватели университета, приходили ветераны и выпускники, родственники давно ушедших из жизни профессоров и сотрудников университета.

Торжественное открытие музея состоялось 13 октября 2009 года - в день посещения КазНУ имени аль-Фараби Президентом страны Н.А. Назарбаевым.

Но уже в сентябре на встрече выпускников приходили люди в еще не полностью завершенном оформлении музея, смотрели, помогали советами, приносили новые материалы. Оформленные, портреты, факты, даты, цитаты, фотографии и фильмы, - все, что находится в музее, и даже оригинальное помещение музея – это великое достояние не только университета, но и всей культуры и общества страны, всех казахстанцев.

Музей стал сосредоточием общественной жизни КазНУ имени аль-Фараби. Он стал путеводителем по жизни. Находясь в музее, с ностальгией вспоминают свои года выпускники и в прошлом работающие в университете люди.

Я с гордостью иду по музею и вспоминаю родные и близкие мне лица. Умирбек Арисланович Джолдасбеков, мой первый руководитель и учитель. Темирбек Кожакеевич Кожакеев, мой декан, Марат Карибаевич Барманкулов, мой куратор и наставник. Как много можно говорить о каждом находящемся в музее истории. Как здорово, что есть такой музей, где можно вспомнить всех поименно, где можно вспомнить время и годы, как молоды мы были...

Завкафедрой ЮНЕСКО
КазНУ им. аль-Фараби
д.и.н., проф. Лайла Ахметова



Кафедра

Болашақ кәсібім – мақтанышым!

Бүгінде Ректорлық және Президенттік шәкіртақы мен «ҚазҰУ-дың 75 жылдық мерей-тойына арналған» төс белгісінің иегерімін. Ал болашақта педагог-психологтың. Былайша айтқанда бесіктегі бала мен кәмелеттік жастың аралығындағы бүлдіршін-оқушы-бозбала кезеңнің жеткіншектеріне менің көмегім қажет-ақ,

Еліміз өзінің 20 жылдық тарихында әлемде орныққан өзіндік ролімен танылды. Көптеген ғалымдар оны саясаттың объектісінен субъектісіне айналды деп пайымдауда. Бұл біздің ертеңгі ел болашағы үшін жасамақ қажет бағдарлы мақсатымызды айқындап берді. Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымына төрағалық кезеңнің түлектері ретінде бізге заманымыз үлкен міндеттер жүктеді. Оның бастысы «Интеллектуалды ұлтты» тәрбиелеу деп білеміз. Бұл тұра-сында факультетіміздің деканы, мәдениеттанушы Ақтолық Құлсариева «еңбек» құндылығын – қазақ дүниетанымымен біріктіре отырып, интеллектуалды ұлт болуға да, жаңа экономикалық белестерді игеруге де, соның нәтижесінде әлемнің өмір сапасы жоғары озық елу елдің қатарынан көрінуге де толық мүмкіндік беретін сенімнің берік діңгегі ретінде көрсетеді. Ал ол құндылықты жастар бойына сіңіру біздің еншімізде болмақ. Еңбек пен білімге негізделген сана болмысы әлемді өзіне қарататынын жаһандану кезеңі көрсетіп отыр. Бұл тұрғыда менің замандас-құрбыларымның алған білімі терең деп ойлаймын. Себебі біріншіден өзіміз сусындаған білімнің көу-сар бағы – Қазақ ұлттық уни-верситетін мақтаншып тұтсақ, екіншіден, білім қазынасынан шөлімізді қандырған ұлағатты ұстаздарымыз бір төбе.

Мен өзімді шексіз бақытты сезінемін! Себебі мен – рухы кемелденген елдің азаматымын! Ол сезімді жастарға сіңіруге барлық күш-жігерімді арнаймын! Рухыма шабыт берер елімнің тарихы менің болмыс-бітімім мен дүниетанымымды жасақтады.

Туған елімнің бүлдіршіндеріне, қабілетті оқушыларына білім беруге деген ынта-жігер, ниетім ұшан-теңіз. Биылғы оқу жылында Елбасының актілік дәрісін тыңдаған менің замандастарымның да ойы дәл осындай! Біз, 2010 жылғы ҚазҰУ түлектері ел үміті мен халық сенімін ақтаймыз!

Үсенбекова МАДИНА,
Философия және саясаттану факультетінің 4-курс студенті

Форум

Биылғы ІХ жиналыс алты тақырыпқа арналған сессияларды қамтыды. Олардың біріншісі «Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалығы: маңызы, мүмкіндігі және нәтижелері» деп аталса, екіншісі «Белгісіз Иран...», үшінші тақырып «Қорқыныш пандемиясы», төртіншісі «Интернет желісін қадағалау және БАҚ бостандығы: қауіп пен нақтылық», бесінші тақырып «Өндірістен тыс айналымдағы» журналистика ерекшеліктері және әлеуметтік желіні дамыту феномені», соңғы алтыншысы «Саяси имидж: шоу жалғасады ма?» деп аталды.



МЕДИА ӘЛЕУЕТ ФЕНОМЕНЫ

немесе БАҚ дамуының маңызды ерекшеліктері

ІХ Еуразиялық Медиа Форумда Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың: «Салиқалы, сындарлы мұндай сұхбат орнының Қазақстанда қалыптасуы кездейсоқ емес. Батыс пен Шығысты тоғыстыратын қазақ жері бүгінде бейбітшілік белдеуіне айналды. Өркениетті диалогтың өзіндік моделі орныққан қазақ елінде әлемдік діндер мен дәстүрлі конфессиялардың құрылтайы өтті. Бұқаралық ақпарат құралдарының болашақ қоғамды құрудағы рөлі теңдессіз», – деп атап көрсетуі онда көтерілетін тақырып ауқымын ашып берген болатын. Осы ретте 2010 жылғы ІХ Евразия медиа форумына қатысқан заманауи медиамәдениет үрдістерін зерттеуші ретінде кейбір көтерілген мәселелерге өз пікірімді ұсынуды жөн көрдім.

Әрбірі бір-бір мақаланы қамтитын өзекті мәселелердің ішінде өзіме қатты әсер еткен төртінші, бесінші тақырыптар болды. Төртінші сессияда Си-Эн-Эн телеканалының жүргізушісі Монита Раджпал «Интернет тәуелсіз, қадағалаусыз және шектеусіз болуы қажет пе? Мұнда мемлекеттің рөлі қандай? Сөз бостандығы мен жауапкершілік арасында баланс табу мүмкін бе?» – деген сұрақтарға Литва Республикасының Президентінің Бас кеңесшісі Аудроне Нугарайте, Италиядағы Боккони университетінің профессоры Карло Маффе, Австриялық, ЕҚЫҰ БАҚ бостандығы мәселелерінің өкілі Дуња Миятовичпен бірге жауап іздеді. Өткен жылы АҚШ-тың мемлекеттік хатшысы Хилари Клинтон «Интернетті қолданушылар құқығы бұзылған елде келесі ғасыр прогресінен артта қалу қаупі бар» деген болатын. Бұл тұрғыда БАҚ жаңа формаларының тез

әрі қарқынды дамуы қатал коммерциялық бәсекелестік жағдайында БАҚ пен оның заңнамашыларына жаңа міндеттер жүктейтіндігі белгілі. Ақпарат қауіпсіздігін қамтамасыз етуде Интернеттің кейбір желілеріне тосқауыл қою ұлттық қауіпсіздік мәселесімен де тығыз байланысты екендігі аталып өтілді. Интернет бүгінде кез-келген елдің экономикалық, қоғамдық және саяси өмірінің негізгі факторына айналған. Қазақстанда айталық, Интернет БАҚ құралы ретінде саналады. Менің ойымша мемлекеттен белгілі бір елдің ішкі тұрақтылығына, саяси сыртқы имиджіне және ұрпақты тәрбиелеудегі құндылықтық бағдарды қалыптастыруда жағымсыз ақпараттарды шектеу ақталады. Өтпелі қоғам немесе саяси сүргінді көп көрген қоғам өзінің бірегейлігі мен ұлттық статусын меңгеруге белгілі бір іс-шаралар және мықты идеология болуы қажет. Идеологияның басты құралы

БАҚ болып табылатын заманда, интернеттің өзі осы идеология құралы болғандықтан ұрпаққа ненің қажет екендігін, ненің қажетсіз екендігін саралап жеткізгенде террористік ойын түрлері, бейәдеп көріністері және т.б. шектелуі қажет. Бұл заман талабынан туындаған ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің нысаны болмақ. Екінші сессия өз тақырыбынан көп ауытқушылыққа жол берді. Себебі тақырып журналистиканың ерекшеліктері болғанымен, бұл жерде Иран мәселесі көп көтерілді. Ұлыбританияның Demotix тобының жетекшісі Тури Мюнте, Канадалық, NowPublicтің негізін салушы әрі президенті Майкл Типпет және Германиялық «Дойче веле» телекомпаниясының стратегиялық даму жөніндегі директоры Гвидо Баумхауэр бірігіп, Иранда өздерінің интернет желісіндегі ақпараттар блогы толық көрсетілмейтіндігін, шектеліп жатқандығын, жабылып тасталғандығын айтты. Бір атап өтер жайт, Иран мәдениеті бай, көп ғасырлық тарихы бар өзгеше мемлекет. Оның медиакелбеті шындыққа жанаспады ма?

Өз кезегінде Иран тәуелсіз ақпараттық сараптау мен ұлттық мүддесінен бас тартпайтындығынан хабардар етті. Батыс баспасөзі құбыжық қылып көрсеткен саяси стереотиптерден өзге-

ше Иранда адамның өмір-шендігін қамтамасыз етудегі ағза жасушаларын зерттеу орталықтарының жоғары нәтижелерге қол жеткізгендіктері батыста көрсетілмейтіндігі, Иранның әлемдік қауымдастықта позитивті дамуларын бұрмайтындықтыры Иран журналистері тарапынан дебат тудырды. Сонымен қатар, Голандиялық журналист, Евразиялық журналистика орталығының директоры Уилдриф Руттен өз кезегінде журналистика тек қана кәсіби білімі бар мамандардың прерогативасы болмайды, себебі желілік ақпарат жүйесінде өмір сүруші қоғам әлеуметтік

желілерді дамыту мен вертуалды сөйлесу мәдениетін егжей-тегжейлі меңгерген басқа сала мамандарына орын беріп, ығысып кетуі ғажап емес екендігін алға тартты. Әрине, интернет және ондағы өзгеше журналистик саладан тыс БАҚ дәстүрлі журналистиканың «өндіруші мен тұтынушы» схемасын бұзатындығы белгілі. Алайда сауаттылық бар жерге баспасөз, яғни шығарлатын газет, журналдар өз маңызын жоймақ емес. Интернеттегі блог мәселесі қоғамдық коммуникацияның дамытудың пәрменді желісі бола білді. Себебі Ресейде Қызыл алаңда арнайы дабылға тыйым салыну мәселесі Медведьев блогына түскен мыңдаған хаттар негізінде шешілгендігі баршамызға мәлім. Сол секілді ҚазҰУ ректоры блогына студенттер көкейтесті мәселелерін дер кезінде қою мүмкіндігі, өз кезегінде көп сұрақтың оңтайлы шешілуіне негіз болғандығын атап өткен жөн.

Жалпы ІХ Евразиялық медиафорум заманның өзекті сұрақтарына жауап іздеуде өзгеше атмосфераны сезіну мүмкіндігін сыйлады. Ол қоғамда қалыптасып жатқан қауіпті стереотиптерді бұзуға көп көңіл бөледі.

Жұлдыз Сүлейменова,
мәдениеттанушы,
ҚазҰУ-дың Ph.D
докторанты

Конференция

Аударма – рухани көпір

2010 жылы 13 мамыр күні әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің әдеби шығармашылық және көркем аударма теориясы кафедрасының ұйымдастыруымен «Аударматану және әдеби компаративистиканың өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция өтті.

Конференцияның мақсаты қазақ аударматану және әдеби компаративистика ғылымдарының қазіргі күнгі мәселелерін

талқылап, аударматанудың әдіснамалық мәселелері, мәтінтану, көркем аударма және әдеби компаративистика мәселелерін ғылыми таразылау болып табылады. Кафедра меңгерушісі филология ғылымдарының докторы, профессор Ж.Д.Дәдебаев бұл конференцияның дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқанын атап өтіп, мәжіліс жұмысына сәттілік тіледі.

Ғылыми бас қосуға аударматану саласының белгілі мамандары, Қырғызстан және ҚХР университеттері,

Еуразия университеті, Павлодар қаласындағы Инновациялық Еуразиялық университетінің оқытушылары т.б. қатысты. Көркем аударма және әдеби шығармашылық тақырыбында сөз алған кафедра магистранттары өздерінің ғылыми жұмыстары бойынша мазмұнды да қызықты ғылыми баяндама жасады. Алдағы уақытта жас ғалымдардың еңбектері ғылыми жинақ ретінде жарық көретін болады.

Л.МҰСАЛЫ

■ Театр

■ Үрдіс



14 мамыр күні Студенттер сарайында ҚазҰУ-дың «БІЗ» студенттер театры «Ол көктем оралмайды...» атты маусымашарын көрермендерге тарту етті.

2006 жылдың 4 қараша-сында құрылған аталмыш театр, бұрынрақ «Адаспаңдар», «Т(Ой)», «Бағдаршам» атты қойылымдары арқылы көрермен көзайымына айналып үлгерген.



МАУСЫМАШАРЫ

“Ол көктем оралмайды...” премьерасы негізінен махаббат тақырыбын арқау еткен. Екі бойжеткен мен екі серінің достастығынан туындаған махаббат желісі өрбиді. Мұрат та, Жандос та Мөлдірге ғашық. Ал Мөлдірдің де, оның құрбысы Динаның да қалауы – Мұрат. Ендеше, уақыт кімге қандай бақыт бұйырып тұрғаны болашақ еншісінде. Осындай келенсіздікке жолыққан жастардың әрекеті мен түсінігі қалай өрбімек?!

Бұл қойылым осындай тығырыққа тап болған жастарға ұлы сезімді құрметтеу, аялау өз махаббаты үшін төзім мен сабыр сияқты қасиеттерден аттамау қажеттігін үйретеді. Бұл тұсаукесер залда отырған барша жұрттың көңілінен шықты десек болады. Себебі, қолпаштай соғылған қошемет пен мақұлдай шыққан көрермен үні соны аңғартты.

Студенттік өмірден алынған Мұрат пен Мөлдірдің бейнелері “ғашықтың тілі – тілсіз тіл, көзбен көр де – үнсіз біл” деген өсиетті мензейді. Ал Жандос пен Динаның образы өз махаббаттары үшін күресуді үйретеді. Бас кейіпкер Мұрат атына заты сай, махаббатына төзімді әрі сабырлылық таныта білді. Осы ретте Мөлдір де өзінің қызға тән биязы мінезімен ерекшеленіп, Мұраттың жолын то-сумен болды. Алайда, өз бақыт құсын ұшқан

сәтінде қолына қондыра алмаған Мұрат пен Мөлдір өзгелердің махаббаттарының құрбаны болды. Ауруханаға түскен Мұратқа жолдастық танытып, өз бүйрегін берген Жандосқа Мұрат ризашылық танытудың жолын іздеді. Ойла-на келе, Мөлдірге деген Жандостың махаббатына тосқауыл болмауды ұйғарып, достық үшін махаббатын құрбан қылды. Жандостың жалғыздығын ұтымды пайдаланған Дина өзінің бала күннен бергі сезімін жүзеге асырып, өз бақытына Мұратты тапты.

Бір қарасақ, Дина мен Жандосты өз махаббатының күрескері деп таныдық. Ал, Мөлдір мен Мұрат ше?.. Олар достық жолында махаббаттарын құрбан қылды.

Тағдырдың жазуы болар, Мұрат пен Мөлдір бір-бірімен қосыла алмады. Арада жылдар салып, Жандос пен Мөлдір отау құрса, Мұрат

P.S. Иә. Өмірде мұндай оқиғалар кездесіп жатады. Ғұмыр бізге бір-ақ рет берілетіндіктен, бұл жалғанның мәнді әрі сәнді өтуі тек өзімізге байланысты. Бұл қойылымның тәрбиелік маңызы зор, алатын орны жоғары. Өйткені жастарға арналған мұндай тақырыптар жүрекке ой салып, адамды рухани жағынан жетілдіреді. Қазақстандағы ЖОО арасындағы жалғыз ғана студенттік театр болып танылатын «БІЗ» студенттер театрына тек сәттілік тілейміз!

Руслан БАҚЫТЖАН,
тарих факультеті, 4 курс

«Мақсатым Мұраттың образын ашу болды»

- Мұрат бейнесі қаншалықты қиын болды?

- Негізінен біздің мақсатымыз өзімізге берілген рөлді абыроймен алып шығу. Қойылымдағы кейіпкерлер қоғам жастарының бейнесі. Мәселен, Мұрат – момын, байсалды, тік сөйлемейтін өзінің сезімін өлеңмен жеткізетін ақынжанды жігіт. Ондай жігіттер жоғарыда айтып кеткенімдей, арамызда кездесіп жатады. Маған басты рөл берілген кезде алғашында әрине, қиналдым. Мақсатым Мұраттың образын ашу болғандықтан, сценарийді оқи келе, Мұратша сөйлеп, Мұратша ән салуды үйреніп кеттім!

Арман СЕРІКОВ,
филология факультетінің
2-курс студенті

«БІЗ» бірігіп, ортақ туынды жасадық»

- «Ол көктем оралмайды» қойы-лығының сценарийін кім жазды?

- Бұл сценарий осы театрға мүше барлық қыз-жігіттердің ойында жүрген болатын. Осы тақырыпқа қатысты бәріміз идея айтып жүрдік. Театр режиссері Ғалымжан Сайлаубеков ағай-мен ақылдасып, осындай ортақ туын-ды жасап шығардық. Менің ойымша, ел үмітін ақтап, көрерменнің көңілінен шықты деп ойлаймын. Жалпы «БІЗ» студенттер театрының барлық қойылымдарының негізгі мақсаты – қазіргі қазақ жастарына тәрбиелік маңызы зор спектакль қою. Соның ішінде осы қойылымның мақсаты да жастар тақырыбына арналады. Жас-тарды махаббатта берік, адал болуға шақырады.

Ардақ ҚҰЛТАЕВ, филология
факультетінің 3-курс студенті

пен Дина да бір шаңырақтың іргесін қалайды.

Бертін келе, олардың өсіп қалған ұл-қызы бір-бірін сүйіп қалып, түбінде құда болып табысады. Міне, достық пен махаббат тәрізді ұлы сезімдердің шытырман жолына түскен жастар дүние кезекпен құдаласып тынды. Бірақ, олар бақытты. Балалы қылықтарын кешіре білді. Өздеріне бұйырған, күреспен келген махаббаттарын бағалай білді. Олар махаббатқа да, достық сезіміне де кір түсірмеді. Түсіністі. Ұғысты. Бақыт тілесті.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да 25 жыл бойы шет ел азаматтарына арналған дайындық факультеті жұмыс жасап келеді. Осы жылдар ішінде әлемнің 83 мемлекетінен келген студенттерге кәсіби жоғары деңгейде орыс және қазақ тілдері үйретілуде.

ҚазҰУ-дың дайындық факультетіне 25 ЖЫЛ

Жуырда осы дайындық факультетінің тілдік және жалпы білім беру кафедрасының ұйымдастыруымен «ЖЕР – БІЗДІҢ ОРТАҚ ҮЙІМІЗ» атты XXV студенттік-ғылыми конференциясы өтті. Конференцияның пленарлық отырысында Пәкістан, Оңтүстік Корея, ҚХР, Испания мен Франциядан келген 9 студент баяндама жасады. Одан басқа 34 студенттің баяндамалары секцияларда талқыланды. Ким Хва Ин мен Адиль Кашифтің «Алматы – «бақпа оранған қала», Толға Түркөздің «Париждегі қазақтар» тақырыбындағы баяндамалары Қазақстан туралы білім бәйтерегінің жемісті бір бұтағы деп білу қажет. Сонымен қатар, 34 баяндама қабырға газетінде жарияланды. Олардың ішіндегі қызықтылары «Қытайдың классикалық әдебиеті», «Біздің таңғажайып университет», «Юнус Эмре – халық ақыны», «Пабло Неруда – XX ғ. ұлы чили ақыны және саяси қайраткер», «Коре Сарам (жергілікті көріс ұлты өкілдері туралы)», «Сиянь мәңгі қаласы», «Шанхайдағы ЭКСПО-2010 көрмесі туралы» болды. Қазақстандағы санаулы дайындық факультеттері арасында ҚазҰУ-дың шет ел азаматтарына арналған дайындық факультеті оқыту методикасы мен ұйымдастыру шаралары жөнінен де оқ бойы озық тұрғандығы қуантады.

Мақтанышпен атап өтер басты жайт, факультетке келген басқа мемлекет өкілі небары 3-4 ай көлемінде тілдерді еркін меңгеріп шығады. АҚШ, Еуропа, Канада, Африка мемлекеттері мен Латын Америкасынан келген 3000 студент бүгінде Қазақстанның бай мәдениетінен, тілі мен дәстүрінен толыққанды хабардар ғана емес, Қазақстан тарихы, мәдениеті, қазақ тілі, сонымен қатар тіл үстарту тәжірибелері практикумы, әдебиеттен өз білімдерін ұштаған. Олар осы кезеңде тіл үстартуды әлеуметтік-тұрмыстық, мәдени және кәсіптік оқыту салаларында қолдануға әуестенеді. Сонымен қатар, Медеу, Шымбұлақ, Шарын секілді Алланың нәсіп еткен табиғат туындыларын тамашалап, театр, музей аралайды. Өзім сабақ жүргізетін Корей студенттері өз отандарында Қазақстанның имиджі туралы оң пікірлер қалыптасқандықтан Қазақстанды таңдағандарын алға тартты. Келген соң еліміздегі ұлтаралық татулыққа шынымен көздері жеткендіктерін, Қазақстанның қазіргі жаңа тәуелсіз мемлекет ретіндегі саяси-әлеуметтік моделіне толыққанды қолдайтындықтарын айтудан жалықпайды. Сонымен қатар, ҚазҰУ қалашығында басқа жастармен етене араласуы олардың тілді, мәдениетті меңгеруге қолайлы жағдай деп атап көрсетеді. Бұл студенттердің Қазақстанды танудағы зеректігінде шек келтірмейсің, оған себеп, тарих сабағында «Қағанат дегеніміз не?», оның Түрік қағанатымен байланысы бар ма? – деген сұрақтары логикалық байланысты көрсетсе керек.

Бекзат АДЫРБЕКҰЛЫ

■ Жиын

БЕКМАХАНОВ ОҚУЛАРЫ



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарих факультетінде 21 – 22 мамырда «Жаңа заман тарихының мәселелері: бағыттары мен қарастырылуы» атты тақырыпта дәстүрлі «Е.Б. Бекмаханов оқуларына» арналған халықаралық конференция өтті.

Конференцияға жапон ғалымы, (Slavic Research Center, SRC) славян зерттеу орталығының профессоры, Хоккайдо университетінен Томохико Уяма және қазақ ғалымдары мен тарихшылары қатысып, өзара пікір алмасты.

«Бекмаханов оқуларының» мақсаты жаңа замандағы отандық және әлем тарихының, археология мен этнологияның, тарих ғылымының әдістемелік мәселелерін, тарих ғылымы мен қоғамның өзара әрекеттік механизміндегі ауқымды мәселелерді талқылап, сарантау.

Сонымен бірге жаңа замандағы төл тарихымыздың өзекті мәселелері (ежелгі дәуірден қазіргі кезеңге дейін), Тарихи білім жүйесіндегі тарихнаманың алатын орны, ХХІ ғасырдың басындағы тарих ғылымындағы пәнаралық байланыстарды қарастыру сияқты бірнеше өзекті мәселелерді өзек етті. Конференция Ұлы Отан соғысының 65 жылдығына арналып «Соғыс және саясат: тарих сабақтары» атты тақырыптағы дөңгелек үстелмен қорытындыланды.

Саягүл ҚАБЫЛБЕКҚЫЗЫ

■ **Жарыс**

8 мамырда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың спорт алаңында Ұлы Жеңістің 65 жылдық мерейтойына арналып студенттер арасында жеңіл атлетика бойынша эстафета өтті.



ЖЕҢІС
эстафетасы

Ұйымдастырушылардың айтуынша, шараның мақсаты Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 65 жылдығы мен 7-ші қысқы Азия ойындарын насихаттауға бағытталған. Шараға соғыс ардагерлері, сондай-ақ қала тұрғындары мен қонақтары қатысты. Велошеруге қатысушылар әл-Фараби көшесімен Тәттімбет көшесінің қиылысынан бастап, әл-Фараби көшесімен Навои көшесінің қиылысындағы Дендро саябағына дейін жүріп өтті.

Мұндай шараларды қарашаңырақта ұйымдастыру дәстүрге айналды. 1934 жылдан бастап спорт шарасы кейінгі онжылдықта Ұлы Жеңіс күні қарсаңында өткізілетін болды. Аталмыш шараға мыңнан астам студент пен оқытушылар қауымы атсалысады. Эстафета Баум шағын орманында, қала аландарында, Іле Алатауының бөктерінде, Алматының көшелерінде орын алып, әр жылдары әр түрлі мекенде өтетін. Ал ҚазҰУ қалашығы құрылғаннан кейін аталмыш шараны студенттер қалашығында өткізу дәстүрге айналды. Жеңістің 65 жылдығына арналған эстафета соңында шара жеңімпаздары марапатталып, ардагерлерге арналған концерттік бағдарлама жүзеге асты.

Ардақ КАМАЛ

■ **25 мамыр — субұрқақтар күні**

Ғашықтар субұрқағы — жастар қуанышы

25 мамырда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің алаңында Субұрқақ күніне арналған мерекелік шара өтті. Студенттердің сабақтан тыс уақытында бас қосатын мәдени орнына айналған бұл субұрқақтың кезекті маусымдық ашылу рәсіміне Алматы қаласы әкімдігінің өкілдері мен университет басшылығы қатысты.

Жаздың аптап ыстығында қала жастарына самал есетін Студенттер сарайының алдындағы субұрқағы жастар арасында Ғашықтар субұрқағы деп аталып кеткен. Суының шашырай ағылып, қызылдық көк түске енетін бейнесімен түнгі қалаға әр қосатын бұл сыйлықты университет білімгерлеріне өткен жылы қала әкімдігі сыйға тартқан болатын. Жарық, жайлы

орындықтар және әсем гүлдер мен самал су шашып тұрған су бұрқақ манайы жастардың есте қаларлық кездесулеріне себеп болып, махаббат мекеніне айналды. Осы орайда Субұрқақ күнін атап өтуді дәстүрге енгізген ҚазҰУ бұл жылы да мерекелік бағдарламаны өте сәтті ұйымдастырған. Университеттің жұлдыздарына айналған өнерпаздар Марал Жанекеева, Сардор Тлямов, Меруерт Сахова, «Ерке», вокальдық-аспаптар ансамблі, «Бақыт» би тобы және ҚазҰУ-дың хор орындаушылары қала тұрғындарына махаббат әуендері мен патриоттық нақыштағы өлеңдерді орындап мерекелік көңіл күй сыйлады..

Саягүл ҚАБЫЛБЕКҚЫЗЫ



■ **Көзайым**

“Мәделіқожа”
кітабы ұлт тәлімгері

Ұлттың ұлылығын көрсету тарихпен тығыз байланысты. Ендеше 12 мамыр күні журналистика факультетінде тұсауы кесілген “Мәделіқожа” кітабы ұлт мүддесі үшін таптырмас байлық.

Аталған ғылыми басқосуға ф.ғ.д., профессор, ҚР мемлекеттік сыйлығының лауреаты Мекемтас Мырзахметов, зерттеуші, ақын, М.Мақатаев атындағы Жазушылар сыйлығының иегері Аманхан Әлім, зерттеуші Ералы Оспанов, ф.ғ.д., профессор, ҚазҰУ қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі

Өмірхан Әбдіманұлы, т.ғ.д., культетінің деректану және профессор, ҚазҰУ тарих факультетінің тарихнама кафедрасының меңгерушісі



герушісі Қамбарбек Атабаев, әдебиеттанушы Сейітомар Сағтарұлы, әдебиеттанушы, заңгер жазушы Айтбай Кәріпбеков, прозашы Қуандық Түменбаев және тағы да басқа ғалымдар пікір алмасты. Бас баяндаманы Мекемтас Мырзахметов оқып, Мәделі Жүсіпқожаұлының шығармашылығына тоқталды.

Асыл қазынаны құрастырған суретші әрі автор Ералы Оспанұлы бұл жинақтың дүниеге қалай келгендігі, қандай жолмен жарыққа шыққандығын жиналған бұқараға жан-жақты таныстырып өтті.

Сонымен қатар зиялы қауым өкілдері кезекпен-кезек сөз алып, Мәделіқожаның ұлтқа сіңірген ұлы ісінен сыр шертті. Ұлт рухының ұйқыға кетпеуі, ой санасының ояу болуы үшін бабалар мұрасы ұрпақ үшін тәлімгер екендігін шегелеп айтты. Қазақ кітабының сөресі тағы бір қазынамен толыққанына жиналғандар да марқайып қалды.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

■ **Встреча**

Встреча с американской писательницей

В научной библиотеке Казахского национального университета им. аль-Фараби прошла встреча с американской писательницей Анной Кастийо. Визит организован посольством США в Казахстане. Цель - знакомство с творчеством женщин-писателей из этой страны.

По словам генерального консула США в Алматы Роберта Лэнга, А. Кастийо очень известна в Америке и является писателем с хорошей репутацией и большой читательской аудиторией. «Она

представляет испаноязычную часть американского общества. Мы бы хотели, чтобы ее творчество стало мотивацией для казахстанских женщин-писательниц», - отметил Р. Лэнг.

Ана Кастийо - мексиканско-американская поэтесса, новеллист, автор коротких рассказов. Родилась в 1953 году, выросла в Чикаго. Испанский - ее первый и родной язык. Кастийо признается, что первые стихи она написала о смерти одной из своих бабушек на детской площадке. Ана всерьез занялась писательством в середи-

не 70-х годов, в качестве поэта - апологета общественного движения «Чикано», и ее первые стихи получили национальное признание в 1975 году. Тони Моррисон была одним из ее ранних идолов; она также увлекалась Анаис Нин. Позднее Ана признается, что она «была истощена антагонизмом между представителями женского пола и мужчинами движения «Чикано». Она покидает это движение и пишет книгу «Приглашение» в 1979 году. Эта шаловливая книга послужила своего рода вызовом мужскому антагонизму и раскры-

ла латинский шовинизм героев.

Кастийо поднимает вопросы самоидентификации, расизма, классицизма. Большинство ее героев - независимые женщины. Её романы подверглись влиянию магического реализма. Особенно это ощутимо в романе «Сапогония» о вымышленной стране, в которой живут метисы.

В течение второй половины 80-х и в начале 90-х годов Ана Кастийо преподавала курс по правам женщин в различных колледжах и университетах Калифорнии. В это же время Ана написала

«Письма Миксиахуалы» (1986), «Мой отец - Толтек» (1988), «Сапогония» (1990). Ее работы переведены на многие языки. Ана Кастийо пишет для всемирно известных изданий «Los Angeles Times» и «Salon».

P.s. Гостя из США прочитала свои стихи, небольшой отрывок из своего романа, а также дала несколько профессиональных советов начинающим писателям и ответила на вопросы аудитории.

Меруерт МУХАМЕТЖАНОВА

■ **ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**

■ **РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

Бас редактор – Жауапты хатшы – Бөлім меңгерушісі – Редакторлар –

Фототілші –

Дәрмен СМАЙЫЛ
Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА
Әйгерім ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ
Меруерт МҰХАМЕТЖАНОВА
Саягүл ӘЛІМБЕКОВА
Жанат ҚАСЫМБЕКОВА
Алмат МҰХАМЕТЖАНОВ

■ **МЕКЕН-ЖАЙЫ:**

050040, Алматы, Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-35-20.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. “Кредосс-Б” баспаханасында (Егізбаев 7^А көшесі) басылды. Тел: 8 (727) 3-94-24-45

Бағасы келісім бойынша. Таралымы – 1000 дана. Көлемі 2 б.т. Индексі 65989. Тапсырыс №259

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.